

№13 колледждегі «Студенттердің өзін-өзі басқару» ұйымдарын дамыту бойынша жұмыс туралы ақпарат

Түркістан облысының Адами әлеуетті дамыту басқармасымен келісілген Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасының 13.02.2020 жылғы №04/570 хатын негізге алып №13 колледжде «Өзін өзі басқару» ұйымын құру мақсатында министрлер құрамы бекітілген.

1. Президент- Нұржігіт Анарбек
2. Білім және ғылым министрі-Жүзбай Мөлдір
3. Ақпараттық талдау және қоғамдық даму министрі-Үсен Арайлым
4. Денсаулық сақтау министрі-Бекболат Аяжан
5. Мәдениет және спорт министрі – Майлыбай Жеңіс
6. Әділет министрі- Құдайберген Балғынбек

Мақсаты: Колледждегі жастар мен студенттердің өзін-өзі басқаруын жан-жақты дамыту; Студенттердің бойында академиялық шыншылдық мәдениетін қалыптастыру; Жатақханада тұратын студенттердің азаматтық ролі мен жауапкершілігін арттыру; Студент-жастардың бойында патриоттық рухты дамыту; Студенттердің жеке қабілеттері мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту.

<https://www.facebook.com/photo?fbid=495463811645396&set=pcb.441186640406447>



29.01.2021 жылы №13 колледжде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың "Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы аясында аудандағы талантты жастардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, сахналық мәдениетті қалыптастыру мақсатында аудандық Жайдарман сайысы ұйымдастырылды. Жайдарманның жылдан жылға даму деңгейі өсуде. Осындай ойындардың септігінде аудан жастары жан жақты дамып, өсу деңгейі байқалуда. Жайдарман ойға тапқыр, кілең ойы ұтқыр жастарды жинаған жоба. Жобаның алдағы уақытта жалғастары табылып, одан әрі көптеп ұйымдастырылады.

<https://www.facebook.com/photo?fbid=465249118000199&set=pcb.465253481333096>

"Колледж аруы 2021" колледжішілік байқауы

12.03.2021 №13 колледжде "Колледж аруы 2021" колледжішілік байқауы болып өтті.

Мақсаты: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген даналық сөз бар. Әйел тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар еліміздің барлық саласында ер азаматтармен иық тірестіріп, қоғам игілігі үшін қызмет атқарып жатыр. Осындай ибалы да инабатты қыздарды тәрбиелеуде отбасының үлесі орасан. Ару қыздарымыздың бойына сапалы білім мен қоса саналы тәрбие беру әрбір ұстаздың парызы. Сегіз арудың ішінен суырылып шыққан №29 топ студенті Салыбек Меірікүл Шадиярқызы "Колледж аруы-2021" атағын жеңіп алды. Байқауға қатысқан барша аруды құттықтаймыз!

19.03.2021 жылы №13 колледжде санитарлық нормаларды қатаң сақтай отырып, наурыз мерекесі болып өтті. Атап айтар болсақ ұлттық спорт (асық, тоғызқұмалақ, жамбы ату, ақсүйек, шалма, арқан тарту, күрес, ләңгі тебу және т.б.) ойындарын ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/photo?fbid=469545854237192&set=pcb.469548310903613>

Колледж директоры:

Ж. Козыбаев